

*МЕББМ ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ*

*СОӨЖ*



*Тақырыбы: Әйелдердің жүктілік мерзімі*

*Орындаған: Оразғалиев Арслан*

*Факултет: Жалпы медицина*

*Топ: 104 А*

*Тексерген: Айгерім Тұрарбекқызы*

# Жоспары

- 1 Әйелдің жүктілік мерзімдерінің жіктелуі
- 2 Әйелдердің жүктілік мерзімінің даму сатылары түрлері
- 3 Даму түрлері
- 4 Қорытынды
- 5 Пайдаланылған әдебиеттер


# 1-2 апта



Жүктілік ұрықтандыру сәтінен басталады. Ұрықтандыру - еркек пен әйелдің жыныстық торшаларының күрделі биологиялық бірігуінен басталады. Осының нәтижесінде жана ағза түзеледі. Пісіп-жетілген жұмыртқа етеккір циклінің 11-14 күні жатыр түтігіне түседі, мұнда ол 24 сағатқа дейін өмір сүре алады. Еркек ұрығы жатырда ұрықтандыру қабілеттілігін 48 сағат сақтайды. Ұрықтанған жұмыртқа көп торшалы ағза түзіп бөліне бастайды. Эмбрионның жатыр қабатына бекітілуі ұрықтанудан кейінгі 7 тәулікте болады. Осы күннен бастап ана ағзасы жүктілі болғандығы жайлы ақпарат алады.

Жүктіліктің басталуымен қатар, әйелдің денсаулығын сақтау үшін, оған қажетті витаминдер мен микроэлементтерді алатын тағамдарды таңдау керек.

# 3-4 апта



- Таңертенгілік жүрек айнады, кіші дәрет жиілейді. Көңіл-күй өзгергіш болады. Қазір болашақ сәби түрі адам құлағы бейнесіне ұқсайды, көлемі 4мм. Жүктіліктің 21 күні жұлын мен ми қалыптасады. Айдын аяғында кіндік пайда болып, эмбрионның қан айналымы түзіледі. Баланың барлық мүшелері мен ішкі жүйесі дами бастайды.


# 5-6 апта

- Осы мерзімде жүкті әйел міндетті түрде дәрігерге көріну тиіс. 5 аптада түсік тастау қаупі туу мүмкін, онын белгілері: бел аймағының ауырсынуы, іштің төмен тартып ауруы. Осындай симптомдар болса дәрігердің кеңесі қажет. 6 аптада эмбрионнын бет әлпеті түзіледі: көзі, мұрны, жак сүйектері, қолы, аяғы



# 7-8 апта


- 7 аптадан бастап жүктіліктің сары денесі кері дамиды, плацента гормондарды бөле бастайды. Сәбидің жүрегі 4 камералы болады, ірі қан тамырлары қалыптасады. Бауырда өт жолдары пайда болады. Ішкі бездер мен ми дами бастайды. Құлақ қалқанының формасы, қол-аяғында саусақтар пайда болады, эмбрион козгала бастайды. 8 аптада Y-хромосома әсерінен еркек гонадалары қалыптасады, олар тестостерон бөліп, ұл баланың белгілерінің қалыптасуына әкеледі.





# 9-10 апта

- Сіздің зат алмасуыңыз өсіп келе жатқан ағзаны «құрылыс материалдарымен» - амин қышқылдарымен қамтамасыз ету үшін өзгереді. Осы өзгерістерге бейімделгенде токсикоз білінуі мүмкін. 10 аптада ауыз қуысының, ішектің, тік ішектің, өт жолдарының дамуы аяқталады. Ми жартышарларының, беттің калыптасуы тоқтайды. Қозғалыс координаторы-мишықтың дамуы басталады.




- **11-12 апта**

- Ана ағзасы жаңа қалыпқа бейімделді. Сіздің көңіл-күйіңіз орнығады. 12 аптадан кейін жатырдың өсуі байқалады.

- **13-14 апта**

- Болашақ сәбидің негізгі мүшелерінің қалыптасуы аяқталады. Сырт бейнесі кішкентай адамға ұқсайды.





- **15-16 апта**

- Тері пигментациясы өзгереді-карынның ортанғы сызығы, үрпінің терісі өзгереді. Плацентаның түзілуі аяқталады. Бұл кезеңде шарана ұрық айналасы суларында еркін жүзе алады. Судың күйіне қарап шарананың жағдайын сипаттауға болады. Енді бала мен плацента бірегей функционалды жүйе құрайды.

- **17-18 апта**

- Сіздің болашақ сәбиіңіз осы күндері қозғала бастайды. Оның аяқ-қолы, буындық аппараты, мишығы жеткілікті дамыған. Осы уақытта иммундық жүйенің қалыптасуы аяқталады.



## ■ 19-20 апта

■ Сіздің ағзанызда үлкен өзгерістер болды. Пульсыңыз жиілеп, жүрек соғуы мен қан айналымы көбейеді. Плазма көлемінің көбеюіне байланысты қан талдамасындағы гемоглобин азаяды. Кейде кіші дәрет жиіленеді, бел омыртқасының оң жақ немесе сол жақ бүйірі ауырады. Үлкейген жатыр қуықтың үстін басқандықтан зәр шығару жолдары бұзылады. Зәрдің толық шықпағанына байланысты бүйрек жолдарында инфекцияның пайда болуы ықтимал. Пиелонефритпен ауруына шалдығуға мүмкін. Осындай күдік пайда болса тез арада дәрігерге қаралу қажет, өйткені сіздің деңсаулығыңызға ғана емес, іштегі ұрықтың дамуына да қауіпті. Шарана жиі, белсенді қимылдай бастайды, салмағы 300-350 гр. Бұл аптада көздері ашылады.

## ■ 21-22 апта

■ Бұл аптада ұрықтың салмағы 400-500 гр. жетеді. сүйек және бұлшық еттері белсенді дамиды. Осы кезде ағзаға кальций қажет, ол тісіңізді сақтауға және аяқ сіңірінің тартылмауына көмектеседі.



## ■ 23-24 апта

- Ұрықтың салмағы 500-600 граммға жетеді. Оның барлық мүшелері бар, жүйелелрі толық қалыптасқан. 24 аптаға қарай өкпелері жетіле бастайды. Алайда, сурфактант мөлшерінің аздығынан осы мезгілде туылған нәресте өздігінен дем ала алмайды. Тыныс алдыру үшін оған күрделі тыныс беру аппараты қажет болады. Мерзімінен туылған балаларды күту үшін перинаталдық орталықтар бар.

## ■ 25-26 апта

- Ұрықтың салмағы 700-750 гр. Ми жүйелерінің жетілуіне байланысты оның ағзасының қызметі тұрақтайды. Өкпе жасаушылары жақсы жетіледі. Бұл мерзімде туылған бала жасанды тыныс беру аппаратымен ғана жетіле алады. Сондықтан оның мерзімінен бұрын тууына жол бермеңіз.



### ■ 27-28 апта

- Бұл мерзім жүктіліктің II-ші үшайлығын аяқтайды. Ұрықтың салмағы 1000 грамм, бойы 35 см. Алайда ол әліде өздігінен өмір сүре алмайды, өкпелері толық жетілмеген. Осы мерзімде ұрықтың өсуі, бұлшық еттерінің қалыптасуы байқалады. УДЗ арқылы оның жымығаның, саусағын сорғаның көруге болады.

### ■ 29-30 апта

- Жүктіліктің III үшайлығы басталады. Жатыр 29-30 см. Жоғарылықта тұрғандықтан, сіздің тыныс алуыңыз қиындай түседі. Бұл кезеңде асқынулардың ең ауыры-жүктіліктің екінші жартысынын токсикозы басталуы мүмкін. Соның салдарынан ісіну, қан қысымының көтерілуі, зәрде наруыз пайда болады. Асқынулардың алдын-алу үшін акушер-гинеколог дәрігеріне қаралу керек, оның барлық нұсқауларын орындау керек, өз салмағыңызды дұрыстап қадағалау қажет. Ішілетін және шығатын сұйықтар мөлшерін назарға алған жөн.



### ■ 31-32 апта

- Қазір ұрықтың орналасуы дұрыс (ұзынынан). Көлденен, қисық болуы да мүмкін. Ұрықтың дұрыс орналасуына көмектесетін гимнастикалық жаттығулар бар. Кері рефлекс қан тобындағы жүктілерге 28 аптадан, босанса 78 сағат ішінде керек болса иммунизация жасалады. Бұл туралы өзіңізге әйелдер консультациясындағы бақылайтын дәрігер айтады.

### ■ 33-34 апта

- Ұрықтың салмағы 1800-2100 гр., бойы 40-41 см. Жетеді. Өкпелері жетіледі. Ол толық дамиды, егер мерзімінен бұрын туа қалса өз бетімен өмір сүру мүмкіндігі жоғары. Алайда оның тері асты жасаушалары шамалы, терісі қызғылт түстеніп жфлу сақтау қабылеті төмен болады. Оған жылы инкубатор немесе жылытқыш қажет. Шала туған нәрестені күту – әрбір отбасы үшін қиын жағдай. Сондықтан да әр бір жүкті әйел 37 аптаға дейін өз жағдайына ұқыптылықпен қарап, мерзімінен бұрын басталған толғақ белгілері туралы дәрігеріне шұғыл хабарлауы қажет. Үйге келетін жаңа адамды қарсы алу үшін әйелдер қабырға, едендерін әктеп, сырлайды. Бұндай тәуекел жұмыстар қажет емес. 30 аптадан босануға дейінгі демалысты үй жұмыстарын бітіру үшін емес, сіздің шаршамауыңызға, көлікте қысылып қымтырылмауыңызға ұйқыңыздың қануына беріледі. Сондықтан үй жөндеу, қапырық дүкендерді аралау, кезек күту тіптен сіз үшін емес.





### ■ 35-36 апта

- Ұрықтың салмағы 2100-2700 грамм, бойы 44-45 см. Дәрігерге 10 күнде бір рет қаралып отыру қажет.

### ■ 37-38 апта

- Осы мерзімнен сіздің жүктілігіңіз толық ай-күніне жетті деп есептелінеді. Егер осы апталарда босаңсаныз, нәресте аман-есен туады. Оның салмағы 2700-2800, бойы 49-50 см. Сіздің тыныс алуыңыз жеңілдейді. Жатыр төмен түседі. Егер экстрагениталдық сырқаттарыңыз асқынатын жағдай болса, босанарға дейінгі бөлімшеге түсу қажет. Өзіңізбен бірге алмастыру картасын, жеке куәлігіңізді алуды ұмытпаңыз.

### ■ 39-40 апта

- Босанатын күніңізді білу үшін соңғы етеккір келген уақыттан үш айды алып 7 күн қосасыз. Бұл сан нәрестенің туатын күні болуы мүмкін. Оның салмағы 3000 гр, бойы 50 см, терісі ақшыл, ол жылуды сақтай алады. Қатты айқайлай, дем ала алады, емеді. Босану процесінің белгісі толғақтың жиіленуі (10 минутта бір рет, немесе су кетуі). Егер шамалы қан білінсе үрейленбей «жедел жәрдемді» шақырта беріңіз.



**36 неделя**  
Ступни ребенка теперь гораздо длиннее.  
Ногти на пальцах ног достигают до кончиков пальцев.



**37 неделя**  
К этому времени рост ребенка от темени до крестца обычно около 35см.



**38-40 неделя**  
В конце 9-го месяца вес большинства детей достигает примерно 3кг 400г, а рост – 52,5см.

# Қорытынды

- **Жүктілік** (лат. *graviditas*) – физиологиялық құбылыс; ұрықтанған жұмыртқа жасушасының жатыр қуысында дамуы. Жүктілік ұрықтанудан басталады. Ұрықтанғаннан кейін зиготаның бөлшектенуі, яғни бластомерлер (жұмыртқа жасушасы бөлінген кезде түзілетін жасуша бөлшектері) пайда болады. Соның нәтижесінде бір жасушалы ұрықтан көп жасушалы ұрық – морула түзіледі. Бөлшектену кезінде ұрық жатыр түтігінен жатыр қуысына қарай жылжиды. Бұл процесс 4 – 5 күнге созылады. Бұдан кейін ұрық морула сатысында жатырға түсіп, бластоцистаға (іші сұйыққа толы қуыс) айналады. Адам ұрығының қағанақ (амнион), бүр (хорион) қабықтары болады. Бүр жатыр денесіне еніп, жатыр жасушаларымен қосылуының нәтижесінде бала жолдасы пайда болады. Бала жолдасы ұрықты ана организмімен байланыстырады. Қағанақ ішінде ұрықты қоршап жатқан қағанақ сұйығы бар. Қағанақ сұйығы ұрықты түрлі зақымданудан сақтайды. Сондай-ақ, ұрық өзінің өсіп дамуына қажетті минералды заттарды осы сұйықтан алады. 7-тәулікте ұрық жатырдың шырышты қабығына енеді.





## Пайдаланған әдіебеттер:

- Е.Ө.Қуандықов, С.А.Әбілаев Медициналық биология және генетика
- Гинтер Е.К. Медицинская генетика. М
- Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная биология